

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

Мамандығы: Стоматология

Кафедра: Жаратылыстану ғылыми пәндер кафедрасы

Дисциплина: Ақпараттық коммуникациялық технология

Курс: 1

Тобы: 108

Тақырыбы: Мобильді құрылғыларға арналған операциялық жүйелер



Орындаған: Жүсіп Қ.М

Тексерген: Сақыпова Д.С

Ақтөбе 2018 жыл

Жоспар:

- I.Кіріспе
- Операциялық жүйе туралы мәлімет
- II.Негізгі бөлім
 - 1.Операциялық жүйенің даму тарихы
 - 2.Операциялық жүйенің түрлері
 - 3.Мобильді құрылғыларға арналған операциялық жүйелер
- III.Қорытынды бөлім
- IV.Пайдаланылған әдебиеттер

Операциялық жүйе туралы мәлімет

- Операциялық жүйе -компьютердің барлық басты әрекеттерін (пернелер тақтасын, экранды, диск-жетектерді пайдалануды), сондай-ақ қатар операциялық жүйенің басқаруымен іске қосылатын басқа программалардың жұмысын басқаратын, көбінесе тұрақты сақтауыш құрылғыда тұратын, машиналық кодта жазылған программа.



- Алғашқы компьютерлердің операциялық жүйесі болған жоқ, себебі басқару программалары тек компьютердің нақты бір типіне арналып жазылды, бірақ шалғайлық жабдықтарға стандарттардың пайда болуымен, сан алуан компьютерлер үшін осындай жабдықпен әрекеттестіктің бірыңғай программаларын жазуға мүмкіндік туғызды.
- Операциялық жүйені жазудың екі жүйесі бар — тұрақты сақтауыш құрылғыға барлық жүйені жазу және қатқыл дискіден операциялық жүйенің қалған бөлігінің тек жүктеу программаларын ғана жазу. Мекемеде пайдаланылатын шағын компьютерлер, әдеттегідей, MS-DOS немесе ең соңғы OS/2 операциялық жүйесін пайдаланады. Ықшам машиналарда, дискжетектердің қажеттілігінен аулақ болу үшін, тұрақты сақтауыш құрылғыда жазылған операциялық жүйені пайдаланады. Миникомпьютерлерде UNIX немесе өте танымал емес жүйелер PICK немесе BOS (Ұлыбритания) сияқты операциялық жүйе пайдаланылады; сондай-ақ компьютердің нақты бір типіне арналып әзірленген операциялық жүйелер де кездеседі.

Даму тарихы

- ОЖ тарихы жарты ғасырдай уақытты қамтиды. Ол көбінесе есептеуіш аппаратураның және элементтік базасының дамуымен байланысты анықталады. Бірінші сандық есептеуіш машиналар 40ж. басында пайда болып, операциялық жүйелерсіз жұмыс істеді, ұйымдардың есептеу процессіндегі барлық есептері бағдарламалаушымен басқару пультінен қолмен істелінді. 50ж. ортасынан мониторлық жүйелер пайда болды, олар тапсырмалар пакетін орындауда операторлар жұмысын автоматтандырды.



The screenshot shows a window titled "MS CPM" with a standard Windows-style title bar (minimize, maximize, close buttons). Below the title bar is a menu bar with "Авто" and a dropdown arrow, followed by several icons. The main area is a black terminal window with white text. It displays the version "CP/M v. 2.2. 1987 10/29" and copyright "Copyright (C) Digital Reseach Inc." (note the typo 'Reseach'). The user enters "A>dir c:" followed by "команда" (highlighted). The output is a directory listing for drive C: showing files like PIP.COM, STAT.COM, SUBMIT.COM, README.TXT, CPM.DOC, CPM1.DOC, CPM2.DOC, DIR_ALL.SUB, UPR_S.TXT, PROBA.COM, and PROBA.TXT. The user then enters "A>dir f:" followed by "команда" (highlighted). The output is "BDOS error on F: select" followed by "ошибка" (highlighted). The prompt "A>" is visible at the bottom.

```
MS CPM
.Авто
CP/M v. 2.2. 1987 10/29
Copyright (C) Digital Reseach Inc.

A>dir c: команда
C: PIP      .COM : STAT      .COM : SUBMIT    .COM : README   .TXT
C: CPM      .DOC : CPM1     .DOC : CPM2     .DOC : DIR_ALL  .SUB
C: UPR_S    .TXT : PROBA    .COM : PROBA    .TXT

A>dir f: команда
BDOS error on F: select ошибка
A>
```

- 1965-1975ж. интегральным микросхемаларға өту компьютерлердің келесі ұрпағына жол ашты, олардың өкілі IBM/360. Осы кезеңде қазіргі ОЖ – лерге қатысты барлық концепциялар: мультипрограммалау, мультипроцесстеу, көптерминалды іс-тәртіп, виртуальды жад, файлдық жүйелер, қол жетуді шектеу және желілік жұмыстар жасалды. 60-ж. аяғында ARPANET глобальды желісін жасау жұмыстары басталды, ол Интернет желісінің аттану нүктесі болды. 70-ж. ортасына қарай мини-компьютерлер кең тарала басталды. Мини-компьютерлердің архитектурасы мэйнфреймдармен салыстырғанда қарапайым болды, бұл олардың Операциялық жүйелерінде де кескінделді. 70-ж. ортасынан бастап UNIX ОЖ-ні қолдану компьютерлердің әртүрлі типтеріне жеңіл түрде көше бастады.

- 1981 жылы IBM PC дербес компьютерлері мен MS-DOS операциялық жүйесі бір мезгілде пайда болды.
- MS-DOS — Microsoft фирмасының дисктік операциялық жүйесі. Ол IBM PC компьютерлеріне орнатылды. Microsoft Windows — басқарғанда графиктік ортаны қолдануға бағытталған операциялық жүйе.
- Windows алғашқыда MS-DOS үшін графиктік баптау ортасы ғана болды.


Операциялық жүйенің түрлері



Windows OS



Apple IOS



Linux OS



Windows OS

- Windows-тың тарихы 1985 жылы оның алғашқы версиясы Windows 1.0 шыққаннан басталады. Оның құрамында операциялық жүйенің жұмысын көп ыңғайлы жасаған программалар болды. Сол кезде қолданылып жүрген MS-DOS операциялық жүйесіне қарағанда Windows-та графикалық интерфейс қолданылды. (MS-DOS-та командалық интерфейс болды) Сонымен бірге Windows-та информация түгелдей экранға емес, терезе деп аталатын экранның ішкі аймағына шығарылды.





Apple IOS

- **Apple IOS**-Apple компаниясы тек өзі шығаратын құрылғыларға (iPhone, iPad, AppleTV) арнап жасалған мобильді операциялық жүйе. Алғашқы рет 2007 жылы iPhone мобильді құрылғысында ұсынылды. Бұл презентация барлық смартфон өндірушілер үшін даму бағытын көрсетті. Осы сәттен бастап үлкен экран және батырмалар болмауы смартфон стандарты болып келе жатыр. IOS операциялық жүйесіне арналған қосымшаларды жүктеуге App Store қосымшалар дүкені құрылды.
- IOS операциялық жүйесі XNU ядросында жұмыс істейді. Ол негізінен Apple компаниясы жасаған бағдарламалық кодты қамтиды.
- IOS операциялық жүйесі стационарлы компьютерлерде жұмыс істеуге арналмаған және ARM архитектурасындағы процессорлар орнатылған смартфондар және планшеттерде жұмыс істейді.
- 2017 жылғы мәліметтерге сәйкес IOS операциялық жүйесі 24% пайыз құрылғыға орнатылған.





Linux OS

- Windows амалдық жүйесі және SCO Unix, Solaris немесе DOS сияқты коммерциялық басқа, Linux (Линукс) амалдық жүйесі де бар. Linux АЖ ашық жүйелер стандарттарын қолдайды және Unix, DOS, MS Windows жүйелерлер мен бірге қолданыла алады. Бастапқы мәтіндермен қоса, жүйенің барлық құрамдас бөліктері еркін көшіруге және саны шектеусіз пайдаланушылар үшін орнатып пайдалануға берілетін рұқсатпен бірге таратылады.
- Linux басқаруымен сан алуан, кәдімгі дербес компьютерлер мен ноутбуктардан бастап, көп процессорлы өнеркәсіп серверлері, кластерлік есептеуіш кешендер, PDA және IBM компаниясы шығаратын қол сағаттарына дейінгі электронды жүйелер жұмыс істейді. Linux – қауіпсіз жүйе. Linux-ке лайықталған вирусқа қарсы бағдарламалардың барлығы серверлік болып табылады және Windows-машиналарда тіршілік ететін Windows-вирустарын аулауға арналған.

Мобильді операциялық жүйе(мобильді ОЖ)
смартфон, планшет, КПК және де басқа мобильді
құрылғыларға арналған операциялық жүйе.



Ноутбукті мобильді
құрылғыға жатқызуға болады,
бірақ ондағы операциялық
жүйе дербес компьютердегі
жүйемен бірдей болғандықтан
және олар “Мобильді”
құрылғыға саналмағандықтан,
ноутбук те “Мобильді” бола
алмайды.

Мобильді операциялық жүйелердің артықшылықтары

- ✓ *Дербес компьютерге қарағанда кез-келген жерде қолдануға және алып жүруге болады;*
- ✓ *Сенсорлы экран;*
- ✓ *Ұялы байланыстың қамтылуы;*
- ✓ *Bluetooth, Wi-Fi, GPS- бағыттаушы;*
- ✓ *Камера, видеокамера;*
- ✓ *Дауыспен басқару функциясы, диктафон;*
- ✓ *Ыңғайлы мультимедиа, музыкалық плеер;*
- ✓ *Инфрақызыл қашықтан басқару.*

Android OS жетістіктері



Кейбір шолушылардың айтуы бойынша, Android өзінің бәсекелесі Apple iOS-тан бірнеше қызмет түрлерінен алда болып тұр екен, мысалға: уеб-серфинг, Google Inc. қызмет түрлерімен бірлесіп жұмыс жасау және т.б. Android жүйесі iOS жүйесіне қарағанда ашық түрдегі платформа болып табылады, сондықтан онда көп функцияларды қолдануға болады. iOS пен Windows Phone 7-ке қарағанда Android-та Bluetooth-дің бір мезетте файлды жіберіп және алуға мүмкіндік беретін толыққанды жасалған торшасы бар. Android аппараттарда дәстүр бойынша құжаттарды компьютерден телефонға тез арада тасымалдай алатын MicroSD-кардридері болады.



Қорытынды

Алайда, бірінші iPhone желісі келуімен, 2007 жылдардағы құрылғылар, яғни пернетақта мен коммуникаторлары бар телефондар өз танымалдығын жоғалта бастады. Сенсорлы экран және түрлі функциялардың арқасында смартфондар тұтыну нарығын жаулай бастады және қазіргі заманауи смартфондар типтеріне операциялық жүйелерді дамытуға инвестиция жасаған компаниялар ұялы байланыс нарығында үлкен жетістікке қол жеткізуде, ал мобильді құрылғыларға арналған операциялық жүйелер әзірлейтін компаниялардың көпшілігі өмір сүруін тоқтатты.

Пайдалынған әдебиеттер

- 1. Е. Балапанов Б. Бөрібаев “Жаңа ақпараттық технологиялар”
- 2. Халықова К.З “Информатиканы оқыту әдістемесі” 2000 жыл.
- 3. Хасанова Г.А “Информатика пәнін жаңа технологиялармен оқытудың тиімді жолдары” 2005 жыл.
- 4. Жаңа ақпараттық технологияларды қолдану барысындағы оқытушының рөлі мен біліктілігі // ҚР ұлттық ғылым академиясының хабаршысы. – 2008. – № 2. – 16–18 бб.